

күллі әлем бізді мұнаймен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек. Бұл жоба бойынша отандық мәдениет пен мәдени қазыналарымызды әлемге таныстыру барысында жаңа тәсіл ойлап табу мен мәдени өнімдерімізді кітап түрінде емес, мультимедиялық бағытта ұсыну қарастырылады.

Соңғы алтыншы бағытқада таянып қалдық - Сонымен қатар бұл бағдарламада Елбасы ұсынған соңғы жоба – «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы. Бұл 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шын мәніндегі визиттік карточкасына айналды. Бұл жобаның негізгі мақсаттары – ақылымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан қарапайым адамдарды қазақ қоғамына таныту мен оларға ақпараттық қолдау көрсету арқылы таныту. Жастар шет мемлекеттің азаматтарынан емес, отандастарымыздан үлгі алуға тиіс. Біздің мемлекетте де еліне пайдасын тигізіп жатқан, үлгі болуға лайықты адамдар жоқ емес. Ал олар осы жоба арқасында мемлекет алдындағы маңызын түсінуімен қатар ұлты үшін жасаған істерінің нәтижесін алады. 2017 жылғы 15 қыркүйекте «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бойынша 2112 үміткер жиналды. Бұдан соң, сарапшылар мен жұмыс тобы іріктеп алған үміткерлер қоғамдық дауыс беруге қатысу үшін «100esim.el.kz» сайтына бағытталды. 340 мыңнан аса қазақстандық өз фавориттеріне дауыс берді. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының 102 жеңімпазы 2017 жылғы 1 желтоқсанда Елбасымен кездесті. Бұл жоба жас қазақстандықтарға, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, олардың талапкер отандастарының кәсіби табысқа қалай қол жеткізгендерін көрсетуі керек.

Қорыта айтсақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша Қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», – деп ел келешегіне үміт артады. Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасиеттері мен рухани құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсіндірген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққанық білім алуына, рухан деңгейінің қалыптасуына ықпал етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
2. Жолдыбай Б., Нұрлыбек Д. Рухани жаңғыру – тарихты қайта тануға жетелейді. // Егемен Қазақстан. – 2017 – 29 мамыр.

#### **Тұлғаны рухани байыту негізі – ұлттық тәлім тәрбие**

Садирбекова Акнур Газизовна  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі  
№16 ЖББОМ КММ

Ұлы ғұлама Әл-Фараби «Тәрбиелеу дегеніміз–халықтардың бойына білімге негізделген этникалық игіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз» -деген болатын [1].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігі атап көрсетілді [2] Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы прогрессивті педагогикалық дәстүрлерін ұлттық және адамзаттық құндылықтар

тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан – жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керектігі айқын.

«Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Үкіметтің 2006 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысы, Білім мен Ғылым министрінің 2005 жылғы бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беру ұйымдарында 2006-2011 жылдарға арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы» – өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге, ой-өрісін жетілдіруге, әсіресе оқушылардың өнеге өрісінен көрінуіне, ана сүтімен бойына дарыған, мемлекеттік мәртебеге ие ана тілін, өзге де тілдерді, қазақ және шетел тарихын, ұлттық құндылықтарды игеруге, Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың салттары мен дәстүрлерін құрметтеуге негізделген.

Қазақстан Республикасының этникалық мәдени білім тұжырымдамасында «Өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған адам жан-жақты мәдениетті тұлға деп ұғынылады. Төл мәдениетті терең білу ол үшін – басқа мәдениеттерге қызығушылықтың іргетасын қаласа, көп мәдениетпен танысу – рухани баю мен дамудың негізі болады» – деп көрсетілген [3].

Қазақ халқының рухани болмысына тарихи тұрғыдан көз жіберер болсақ, сонау ықылым заманнан бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта. оның іздері фольклорда, ұлттың философиялық деңгейдегі ойлау жүйелерінде, нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінде, поэзиясы мен өнерінде, діни сенімдері мен салт-дәстүрлерінде көптеп кездеседі. Мұндағы басты тұлға, қашанда адам, оның рухани жан дүниесі, моральдық, этикалық, адамгершілік қасиеттері. Оның ел алдындағы жауапкершілігі, ары мен намысы, ізгі игілікті істері мен талабы, жалпы рухани тұтастығы, сегіз қырлы, бір сырлылығы қашанда танымның басты мәселесі болғанын көреміз. Осындай рухани тұтастық тек дүниеге көзқарас пеп түсінік негізінде қалыптасатыны сөзсіз. Олай болса, қазақ менталитетінің даму ерекшелігі де осы дүниетанымға байланысты

Ұлы орыс педагогі К.Д.Ушинский «Халықтық тәрбиеден тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ» - деп текке айтпаған. Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте «Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет – ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру» – деген анықтама берілген. Халықтық педагогиканы теория жүзінде танытқан іргелі зерттеулердің қатарына оның тарихнамалық негіздемесін жасауға өз үлесін қосқан Э.Д.Днепров, Г.К.Искаков, А.Ш.Гашимов; «Халықтық педагогика» және «Этнопедагогика» ұғымдарының ара жігін ажыратып зерттеу объектілерін анықтауға бағытталған Е.Л.Христова, Г.Н.Волков, Я.И.Калбиков, И.С.Кон, А.Э.Измаилов тәрбиенің этностық сипаты мен педагогикалық процестегі халық бұқарасының орнын әділ бағалап, халықтық тәрбиені қоғамдық қажеттілік талабынан көрсеткен М.Ф.Шабаева, Г.С.Виноградов еңбектерін атауға болады. Қазақстан жағдайында Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, С.Ғаббасов, К.Қожахметова, Ә Табылдиев т.б.

Жеткіншек санасын қалыптастыру негізі - ұлттық тәлім тәрбие. Әр халықтың тәлім – тәрбиелік мұрасы – этномәдениеттің құрамды бір бөлігі. Этнопедагогиканың білімдік мәні – ол халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық, тәлім–тәрбиелік құндылықтарын ғылыми–теориялық негізде айқындап, өмірдегі қолданылмалы мән–мағынасын ашып береді. Ол құндылықтар халық педагогикасы мен этнопедагогикалық ойлар тарихы. Этнопедагогиканың бір ерекшелігі – ол этностың, яғни белгілі бір ұлыстың, ұлттың тұрмыс–тіршілігіне, өмірлік тәжірибесіне сай, өз ерекшеліктерімен қалыптасқан педагогикалық құндылықтарды айқындап баяндайды. Әрбір ұлттың өз тарихы мен тіршілігіне байланысты оның мәдениет, тәрбие, әдебиет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып үрдістерін үйренудің нәтижесі болып табылады [4]. Адамгершілік, ар, ұлттық намыс, перзенттік парыз – қазақ халқының тәлім – тәрбиелік кредосы. Халықтың игі дәстүрлері: ізеттілік,

қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, иманжүзділік, барлық мәдени үлгі –өнегелі іс–әрекеттердің көрінісі – әдеп деп аталады. Әдеп – әрбір адамның тәртібі мен инабаттылығын көрсететін салт. Халықтық әдеп – ұрпақ тәрбиесінің өзекті арқауы. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет–ғұрыпқа, әсерлі әдет–ғұрыптар салт–дәстүрлерге, халықтың өмірінде қалыптасқан салт–дәстүрлер салт–сана болып қалыптасқан Халқын сүйген адам сол халқының салт – санасын қастерлеп, үйреніп оны өнеге тұтуға тиіс. Өмірдің өркениетті дамуы дәстүрлердің толысып , не жаңарып отыруына себепші болады. Дәстүр, салт–дәстүр, салт–сана – ұлттық болмыстың мәдени сәулеті болады. Жеткіншек санасын қалыптастыру негізі –ұлттық тәлім тәрбие. Әр халықтың тәлім –тәрбиелік мұрасы – этномәдениеттің құрамды бір бөлігі. Этнопедагогиканың білімдік мәні –ол халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық, тәлім–тәрбиелік құндылықтарын ғылыми–теориялық негізде айқындап, өмірдегі қолданылмалы мән–мағынасын ашып береді. Ол құндылықтар халық педагогикасы мен этнопедагогикалық ойлар тарихы. Этнопедагогиканың бір ерекшелігі – ол этностың, яғни белгілі бір ұлыстың , ұлттың тұрмыс–тіршілігіне, өмірлік тәжірибесіне сай, өз ерекшеліктерімен қалыптасқан педагогикалық құндылықтарды айқындап баяндайды. Әрбір ұлттың өз тарихы мен тіршілігіне байланысты оның мәдениет, тәрбие, әдебиет, салт–дәстүр, әдет–ғұрып үрдістерін үйренудің нәтижесі болып табылады.

Өткенге көз жіберсек, ізгі қасиет пен қарым-қатынас адам жалпы адамзаттық құндылықтың ең негізгі бастауы ретінде адаммен бірге дамып келе жатқаны белгілі.

Ізгі ақылдың шешімі, ізгі жүрек әмірі, ізгі сезімі, махаббат пен жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі болса, ұлы Абайдың айтуынша «адамгершілік – махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және бәрін шешеді», яғни тәрбие – адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулығына тәрбиелеу деген сөз. Шындығында, адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Себебі жеке адамның ойлау қабілетін өсірмей немесе оның рухани дүниесін байытпай тұрып, саяси – экономикалық және мәдени салалардағы міндеттерді орындауға және тәуелсіздік идеологиясын қалыптастыруға болмайды.

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтармен диалектикалық тұтастықта жетілдіріп отыруға, ұлттық құндылықтар жүйесін сақтай білуге, өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, өз елінің этномәдени, тарихи, әлеуметтік – экономикалық ахуалын терең танытуға жете назар аударуымыз қажет.

Мағжан Жұмабаев «Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болуы да мектебінің қандай негізде болуына барып тіреледі» [5] – деп атап көрсеткендей оқу-ағарту ісі арқылы ұлт намысын ойлайтын ұлтжанды азамат тәрбиелеу мектептен бастау алатындығы, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық рухани мұраны жас ұрпақтың бойына қалыптастыруда мектептің маңызды орын атқаратындығы ақиқат.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әл Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973, – 344 б
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, Астана, 2007
3. Қазақстан Республикасындағы этникалық – мәдени білім тұжырымдамасы. 1996 ж.
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: «Санат», 2001. –320 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.